№3
(8051)

21 қаңтар
сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ҚАҢТАР АУЫП БАРАДЫ ОРТАСЫНАН...

ХАЛЫҚТЫҢ ЖАДЫНДА ҚАҢТАР АЙЫ ҚАҺАРЛЫ АЯЗЫМЕН ЕСТЕ ҚАЛҒАН. БІРАҚ, БИЫЛҒЫ ҚАҢТАР МҮЛДЕМ БӨЛЕК. ШЫБЫНСЫЗ ЖАЗ. АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ МАЛ ӘЛІ ҚОЛҒА ТҰРҒАН ЖОҚ. АУА-РАЙЫН БОЛЖАУШЫЛАРҒА СҮЙЕНСЕК, ОСЫ АПТАНЫҢ ОРТАСЫНДА ЦИКЛОН ӨТЕДІ. АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ 25 ГРАДУСҚА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕУІ МҮМКІН. БІЗДІҢ ӨҢІР ҮШІН БҰЛ ТЕМПЕРАТУРА «ТРАГЕДИЯ» ЕМЕС... СИНОПТИКТЕР ҰСЫНҒАН МӘЛІМЕТТЕРІНЕ СҮЙЕНСЕК, АҚПАН АЙЫ ДА АСА ҚАТАЛ МІНЕЗ КӨРСЕТПЕЙДІ.

Бірақ, тылсымы терең табиғатқа сенуге де болмайды. Бізді ойылдықтарды алаңдататыны көктемгі көлік қатынасы. Өйткені, Ойыл өзені үстіндегі көпір біздің аудан үшін нағыз стратегиялық нысан. Яғни, Ойылдың күретамыры. Сондықтан оның сапалы әрі уақытында аяқталуы – баршамыз үшін аса маңызды. Құрылысы кешеуілдеп, жұмысы көңілді көншітпей отырған көпірдің көктемге дейін бітпесіне көзіміз жетті. Оны жуырда кездескенімізде мердігерлер де мойындады. Осыған дейін бірнеше мәрте Наурыз айында көпірдің үстінен уақытша өтуге мүмкіндік жасаймыз деп сендіріп келді...

Өткен аптада «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау тобы өткен жылғы су тасқынынан зардап шеккен Ойыл өзеніндегі ауданның бас көпірінің құрылыс жұмыстарына мониторинг жасады. Мониторинг барысында құрылыс алаңында Ақтөбе облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айбек Қайыр мен Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Нұржау Тұрғамбеков болды. Мониторинг барысында мердігер компания «ТенгизСтройСервисГрупп» ЖШС бас директорының орынбасары Андрей Афанасьев биылғы көктемгі су тасқынына дейін көпірдің құрылысы аяқталмайтынын ашып айтты. Сондай-ақ, мониторинг барысында құрылыс жұмыстарының сапасы, атқарылу мерзімі және тұрғындар тарапынан қойылған сауалдар талқыланды. Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері осыған қатысты жауапты өкілдерден нақты ақпарат алды. Көпір құрылысын жүргізуді «ТенгизСтройСервисГрупп» ЖШС өз міндетіне алған. Бұл жобаға 4,073 млрд теңге көлемінде бастапқы қаражат қарастырылып отыр.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ҚЫСТА ДА МАҢЫЗДЫ

Таза Қазақстан
ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНАЯ ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ АКЦИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында бірқатар салаларға тоқталып өткен болатын. Соның ішінде Президент өзінің тікелей бастамасымен іске асып жатқан – «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын өткізудің мән-маңызына ерекше атап өтті.

Бұл акция біздің ауданымызда да жалғасын тауып келеді. Сенбілікті Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы қолға алып, оған ауданның белсенді жастары қатысып қолдау көрсетті. Акция барысында Ойыл аудандық аурухана қызметкерлері, аудандық мәдениет үйі, балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары бірлесіп, ауданның көрікті орындарының бірі — Даңқ саябағын қардан тазартты. Белсенділер саябақты тәртіпке келтіріп, қоғамдық орынның әсемдігін арттыруға өз үлестерін қосты.

Экологиялық акцияға қатысушылар қоршаған орта тазалығын сақтаудың маңыздылығын мен қатар мұндай игі шаралардың қоғам үшін қажеттілігін көрсетті. Алдағы уақытта аудан жастары осындай экологиялық бастамаларды жалғастыруға ниетті.

Ауызбіршілік пен еңбекқорлықты ұрандарына айналдырған жастар аудан көлемінде көпке үлгі боларлық шараларды одан әрі жалғастырмақ.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ ЖӘНЕ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ 2025 ЖЫЛҒЫ 2 АҚПАН АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2025 жылғы 2 ақпанға тағайындалған Ойыл ауданы Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтер әкімдерінің сайлауында аталған округтер сайлаушыларының дауыс беруі таңертеңгі сағат 7.00-де басталып, кешкі сағат 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 389	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-18-99
2	№ 390	Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-17-30
3	№391	Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-20-14
4	№392	Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
5	№568	Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19, «Ойыл денешынықтыру-сауықтыру кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09
6	№394	Қаракемер ауылы, Достық көшесі 3, «Қаракемер ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00
7	№395	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81
8	№396	Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23, «Құмжарған ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
9	№397	Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі 2, «Ш.Берсиев атындағы орта мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92
10	№398	Қарасу ауылы, А.Жұбанов көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-28

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ!

ҰЛТ БОЛЫП ҰЙЫСУ СҮРЛЕУІНЕ ТҮСКЕН ӘРБІР ҚАУЫМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ЖЕРІ, ТАРИХЫ, ТІЛІ МЕН ДӘСТҮРІ БОЛУЫ КЕРЕК ЕКЕНІН ЗАМАННЫҢ ӨЗІ-АҚ ДӘЛЕЛДЕП КЕЛЕДІ. ОСЫ ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМДАРЫ ӨН БОЙЫНАН ТАБЫЛМАҒАН КЕЙБІР ҰЛТТАР МЕН ҰЛЫСТАРДЫҢ ТІПТІ ЖАҺАН КАРТАСЫНАН ЖОЙЫЛЫП ТА КЕТІП ЖАТҚАНЫН ТАРҒЫЛ ТАРИХТЫҢ ПАРАҚТАРЫНАН ОҚЫП ЖҮРМІЗ.

Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніңіз, әр ұлттың қалыптасуының, дамуының басты алғышарттары деген сөз. Қазақ халқының да ата-бабасынан аманатталып, тәніне тәбәрік боп дарыған сондай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері жетерлік. Осы ұлы құндылықтардың арқасында қаймана қазақтың бармақ бағы еселеніп, атар таңы арайланып келе жатқаны жасырын емес. Бізді ұлт ретінде ұстап тұрған алтын темірқазығымыз да міне осылар. Осы құндылықтармен құндақталған ұрпақ – ұлттық тәрбиенің, ұлт болмысының қадір-қасиетіне жететіні сөзсіз. Қыз ұзатып, келін түсіру, құда шақыру дәстүрлеріміздің ағайынның арасын жақындатуға, туыстық тұғырымызды нықтауға негізделгенін естен шығармаған жөн. Жаратушының қасиеті сөзінде: «Сондай-ақ бір-бірлеріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық» - дейді. Осыдан-ақ Ислам дінінің адамның абыройы мен ар-ожданың бәрінен де биік қоятынын, отбасы мен қоғам бірлігін сақтайтынын, әлеуметтік әділеттілікті көздейтінін аңғарамыз. Ал біз өз кезегімізде адамгершілік қағидаларға негізделген хақ дініміз бен біздің ата-дәстүрлеріміз сабақтасып жатқанын жеткізгіміз келеді. Бұлай деп ой қорытуымыздың себебі – біздің ұлттық дәстүрлеріміздің дінмен тамаша үйлесім табуы арқылы саналы әрі тәрбиелі ұрпақ қалыптастыруда ерекше рөлге ие болуында.

«Тәрбие – ана құрсағынан басталады» тұжырымға тұздық ретінде: бала дүниеге келе салысымен болатын «Сүйінші сұрау», «Азан шақырып ат қою», «Шілдехана тойы», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» сынды өзіндік тәрбиелік мән-мағынасы бар ғұрыптарымызды қоспасқа тағы болмайды. Бүгінде жалпақ мәшһүрдің жартысы мойындаған көшпелі мәдениеттің әлемдік өркениеттегі ықпалы жайлы ойласақ, қазақ халқының ұлттық ұстанымы, таным-түсінігі, салт-дәстүрлері – замана көші мен уақыт тезінен өткен өмір сүру қағидалары екенін лажысыз мойындаймыз.

Біз көбіне ұрпақ тәрбиесі қазақы менталитетте болуына қырын қарайтын сияқтымыз. Яки еліктеушіліктің ермегіне еріп кеткенбіз бе деген ойға қаламын. Бала тәрбиелеуде ең бірінші туған тілі мен дәстүріне сүйене отырып тәрбиелеуіміз керек. Өйткені, ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың салт-дәстүрлері мен тағылымдарын өнеге тұтпай тұрып, жастарды ұлтын сүюге, ұлтжандылыққа, ізгілік пен парасаттылыққа баулу әсте мүмкін емес. Өз халқының табиғи мінезін бойына сіңіріп өскен әрбір ұрпақ ана тілінің де қадіріне жетері сөзсіз. Халық аңыз әңгімелері, ертегілер, шешендік сөздер, тарихи мәні зор батырлық, ғашықтық, эпостық жырлар жасөспірім баланың таным-түсінігіне әсер ететіні ақиқат. Ол оның өнерге деген сезімін оятады, құштарлығын арттырады, жақсылыққа, ізгілікке, парасаттылыққа тәрбиелейді.

Жаһандану үрдісіне өзінің ұлттық менталитетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, тілін, ділін сақтай білген халық қана төтеп бере алады. Сайып келгенде, «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту» деген түсінік қой. Міне сондықтан да, естілердің сөзін ескеріп өскен, ұлтты рухы өн бойында жалындап тұрған ұрпақты тәрбиелеу – сіз бен біздің парасатты парызымыз екенін ұмытпасақ жарар еді...

Асхат ҚАНАЙҰЛЫ,
Абай аудандық мешітінің имамы.

САЙЛАУ-2025

АХМЕТТЫҢ АСУЫ АЛДА

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі туған жастар да биліктің тізгінін ұстай бастады. Солардың бірі – Ахмет Алекеш те оң-солын таныған азамат, жасынан қатарының алды болып, жақсы атымен көрініп келе жатқанына жақын-туыстары да, дос-жарандары да қуанады. Сол Ахмет те бүгінгі күнге дейін жиған тәжірибесіне сүйеніп, Ойыл селолық округінің әкімдігіне өз кандидатурасын ұсынып отыр.

Тіршілігінің тірегі тікелей мал шаруашылығымен байланысты ауданның тынысы Ахметке жасынан таныс. Оның өмірлік қағидасы, ұстанымы десек жөн болар, ол – өзі жете білмейтін, жүрегіне жақпайтын, санасында піспеген шаруамен айналыспайды. Сұрамасаң айтпайтын, тілінен тартпасаң сөйлемейтін, қарсы кездесіп қалсаң иіліп қана, жымиып сәлем беретін «қыз мінезді» жігіт қандай шаруаны да әріден ойлайтын байыпты, істі білетін, білгендіктен табандылық танытып, айтқанын орындай алатын азамат.

Мектепті бітірген соң, барлық замандастары сияқты қиялға қанат сермеп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе қаласындағы өңірлік мемлекеттік университетінде оқып, спорт және туризм мамандығын алды.

Ол жоғары оқу орнын ойдағыдай бітіріп шыққаннан кейін ауданның бірнеше мектебінде мамандығы бойынша еңбек етті.

Кейіннен Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде «Мемлекеттік қызмет және жергілікті басқару» мамандығы бойынша жоғары білім алды. 2018 жылдан бастап осы күнге дейін «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де бас маман болып жұмыс жасайды.

Ол өз бағдарламасында шаруа қожалықтарына лизингтік жүйемен техникалар алуына көмек беріп, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің отырған далалық жерлерінде инфрақұрылымның (ауыз су, жол, электр энергиясы) жүргізілуіне ықпал етуді көздейді.

Сондай-ақ, жастарға (шығармашылық, өнер, ғылым, спорт т.б. салалар бойынша) қолдау көрсетіп, салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спорттың дамуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық округтің елді мекендерінде спорттық нысандарының салынуына ықпал ету арқылы жастарды ауылдық жерлерге тұрақтандыру мақсатында ауыл елді мекендерде тұрғын үйлер салынуына ықпал етіп, жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржылай қолдау көрсету шараларына ұйытқы болмақ.

Ол қай жұмыста да ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Қазіргі тілмен айтқанда, «майталман менеджер». Артық-ауыс сөзі жоқ, ақырын жүріп, анық басатын азаматтың бүгінге дейінгі өткен өмір жолы осындай.

Халық сыншы, тарих таразы екені рас. Сауатты, тәртіпті, тау қозғалса, тапжылмайтын ұстамды, «туған жерге туын тіккен» жаңашыл, ізденімпаз, тапсырылған істі беріле, мейлінше адал атқаратын азаматты қолдау бізге сын!

«Болам деген жігіттің жолын кеспе, белін бу!» демекші, Ахметтің бағдарламасында көрсеткен, көкейдегі ойларын жүзеге асыруға сеп болайық, ағайын!

Ақжол ИМАНОВ,
кандидаттың сенімді өкілі.
Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді.

САЙЛАУ-2025

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСІРМЕЙДІ!

Дөңгеленген дүние дүрмегі талай бозбаладан атпал азамат шығарды. Сол азаматты ел-жұртының алдында абыройлы етті. Десе де әрбір жанның жүрек түкпіріндегі жақсы ойы мен жылы пейілі оның өмірден өз орнын табуға көмектеседі деу де орынды шығар. Рүстем де жақсы адам болам деген ойдың жетегінде жүріп, жақсылыққа жеткен азаматтардың қатарынан.

«Ат болатын құлынды желі басынан танисың...» дегендей, жасынан ауылдың жақсылығы мен мехнатын бала болса да, көріп өскен жігіттің көргенінен түйгені көп. «AMANAT» партиясының да ортамыздан «ойып алып», Рүстемге сенім артуы сондықтан болса керек!

Даңққа тұлпар дүлдүлдігімен жетеді, Абырой мен атаққа азамат біліктілігімен жетеді», - демекші, осындай ел алғысы мен сенімінe бөленген азаматты қолдау бәрімізге сын!

Ауылдағы қайнаған қызу тірліктің бел ортасында өскен Рүстем Сағынғалиевты «AMANAT» партиясы Ойыл ауылдық округінің әкімдігіне ұсынып отыр.

Таңалакеуімде басталатын ауылдың тынымсыз тірлігінде қайнаған жігіт берекені көктен емес, еткен еңбектен тілейді. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ еңбекке араласқан жігіт үшін ауылдың тіршілігі бес саусағындай таныс.

Рүстем Теміржұлы Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ақшатау ауылында 1985 жылы 2 тамызда дүниеге келді. 1993 жылы Ақшатау орталау мектебіне қабылданды, отбасы жағдайына байланысты аудан орталығына қоныс аударып, 1997жылы Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 6-сыныбына қабылданды. Осы аталған мектепті 2003 жылы жақсы деген бағамен аяқтады.

2003-2006 жылдары Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің колледжін “Дене тәрбиесі және спорт” мамандығын бітіріп шықты. 2006 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, бітірді. Еңбек жолын 2006 жылы Ш.Бекмұхамбетова атындағы орыс орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып бастады. 2007-2008 жылы оқу жылында Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебіне дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып ауысты. 2009-2010 жылы мектеп директорының орынбасары, 2012-2013 жылы дене тәрбиесінің спорт нұсқаушысы, 2013 мектеп директоры жанындағы әлеуметтік педагогы, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі және 2019-2022 оқу жылында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс атқарды. Қазіргі таңда Ж.Жүсібалиев мектебінде денешынықтыру пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды. Педагог-зерттеуші.

Міне, мұның барлығы жастайынан еңбектің майданында шыныққып, ортаға сыйып, өзінің іскерлік қабілетімен таныла білген жанның табандылығының арқасы. Сол іскер азаматтың күні бүгінге дейін жеткен жетістігі оның бейнесін айшықтай түсті.

Жасынан білім мен еңбекті егіз игерген жігіттің бүгінгі белесі өзіне жүктелген жұмысты шашау шығармай атқарған еңбектің нәтижесі деп бағалаған жөн шығар. Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз! Деген Рүстем, «Ауылдарды өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруымыз керек!», - дейді.

Дегенмен Рүстем үшін бұл жаңа белестің баспалдағы. Қандай жұмыс жүктелсе де, тамырына қан жүгірткен жігіт міндетті мінсіз атқарып келеді. Қай уақытта да сенімге селкеу түсірмей, абырой биігінен көрінген жігіт үшін туған жерге қызмет – мерейлі міндет!

Мінсізбай ЖАЙЛЫБАЕВ,
кандидаттың сенімді өкілі.
Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУ-2025

МӘУЛЕННІҢ МЕРЕЙЛІ СӘТІ

ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТУРАСЫН ҰСЫНЫП ОТЫРҒАН МӘУЛЕН ОРАЛҰЛЫ ҚЫРЫҚҚА ҚАДАМ БАСҚАН ЖІГІТ.

Саралжында туған Мәуленге ауылдың тынысы мен тұрмысы бес саусағындай таныс.

Сондықтан да, Мәулен Төремұратовтың сайлауалды бағдарламасы негізінен елді мекенді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл екпелер егілуіне ықпал етіп, адамдардың денсаулығы біздің басты байлығымыз екенін ескере отырып, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етіп, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстау, бұқаралық спортты тұрғындар арасында жүргізе отырып, «Салауатты өмір салтын» ұстанатын азаматтардың қатарын көбейту, кәсіпкерлік қызметті дамытуға ықпал етуге бағытталып отыр.

«Әкім де – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Сол себепті Ойыл селолық округі әкімі болып сайланған жағдайда, тұрғындардың өздерінің толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін шешу жолында қажетті шаралардың орындалуына атсалысуды мақсат тұтып отырмын» - дейді.

Төремұратов Маулен Оралұлы 1986 жылдың 1 маусымында Ойыл ауданының Кемер ауылында дүниеге келді. 1992 жылы Ә.Дербісалин атындағы қазақ орта мектебіне қабылданып, 2003 жылы аталған мектепті аяқтады. 2003-2007 жылдар аралығында Алматы экономика және статистика институтында «Қаржыгер» мамандығы бойынша жоғары білім алды. Еңбек жолын 2007 жылы Ойыл почта байланысы торабында оператор болып бастады. 2008 – 2009 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде жетекші маман болып қызмет атқарды. 2009 – 2012 жылдары Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маман болып қызмет атқарды. 2012 – 2020 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде бас маман болып қызмет атқарды. 2020 жылдың 1 маусымы мен 1 желтоқсаны аралығында Ойыл ауданы әкімінің аппаратында бөлім басшысы болып қызмет атқарды. 2020 – 2021 жылдары Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2021 жылдан бастап Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

«Сіздердің қолдауларыңызға ие болып, ауылдық округті басқаруға қолым жетсе, округті жан-жақты дамытуға қызмет жасауды азаматтық борышым деп санай отырып, Сіздермен бірлесіп атқаратын өз сайлауалды бағдарламамда мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын жүзеге асыруды ұйымдастыра отырып, ауылдық округте шағын кәсіпкерлікті, жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруды көздеп, ауыл шаруашылығы саласында өнімдерді өңдеу саласын басым бағытта ұстаймын, суармалы егіс көлемін ұлғайтуға ықпал етемін. Елді мекендерде көшелерді асфальттау жұмыстарын жалғастыра отырып, елді мекендер арасындағы автокөлік жолдарын жөндеу мәселелерінің шешілуі бойынша жұмыс жүргіземін. Жастардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған спорттық және мәдени іс-шараларды жетілдіріп, өткізуге қолдау көрсетемін. Тұрғындардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлерін үнемі назарда ұстау және олардың оң шешілуіне жұмыс жасаймын», деп отыр. Сондықтан, алға қойған мақсаты анық жігітті қолдау азаматтық парызымыз!

Райымбек ӘДІЛХАНОВ,
Кандидаттың сенімді өкілі.
Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУ-2025

АУЫЛ ХАЛҚЫ ДА ЖАҚСЫ ӨМІРГЕ ЛАЙЫҚ!

НҰРЛАН АЙСАҰЛЫ ДА АУЫЛДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН АЛАҢДАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ДА, ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІН САЙЛАУЫНА ӨЗІНІҢ КАНДИДАТУРАСЫН ҰСЫНДЫ.

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» - дейді ақылдың апогейі Абай Құнанбаев. Нарық заманының нардай талабы төбеден төніп тұрған бүгінгідей алмағайып заманда адамзаттың рухани шөлін басатын бір-ақ құдірет бар. Ол – сөздің киесімен бірге мәңгілік жасай беретін өткеннің өшпес өнегесі. Себебі ондағы орынды айтылған ой-тұжырымның барлығы өмірден алынған сабақ. Қазақтың мұңын айтып, жоғын жоқтайтын, елі үшін еміреніп, өзіндегі барды өскелең ұрпаққа дарытуды ойлайтындардың бірі - Нұрлан Айсаұлы.

Нұрлан Айтқалиев 1995 жылы 16-қарашада Ойыл ауданы, Қараой ауылында дүниеге келді. Қараой мектеп-балабақшасын бітіріп, 2015 жылы Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе университетіне «Педагогика және психология» мамандығына оқуға түсіп, 2019 жылдың маусым айында бакалавр дәрежесін алып, оқуды үздік дипломмен аяқтап шықты. 2019 жылдың тамыз айында Қараой мектеп-балабақшасына жастар тәжірибесіне қабылданды. 2020 жылдың қаңтар айында, осы мектепте уақытша аға тәлімгер болып жұмысын жалғастырды. 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап, Қарғалы ауданы, Желтау ауылдық округіндегі «Бәйтерек» және «Бөбек» балабақшаларына психолог болып жұмысқа орналасты. 2020-2022 жылдары аралығында, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін, «Математика-информатика» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иеленіп, екінші жоғары білімі бар жас маман атанды. 2020-2023 жылдар аралығында «Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет жасады. 2024 жылдың 12 желтоқсанынан бастап, «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің бас маманы болып еңбек етіп келеді. Нұрланның негізгі мақсаты - ауылшаруашылығы саласында мал азығын молайту, суармалы егісті дамыту, ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігімен шұғылданып, өздерінің табыс көздерін ұлғайтуына қолдау көрсету арқылы кәсіпкерлікті дамытып, ауыл шаруашылығындағы салалық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру. Бұл өз кезегінде салық және бюджетке төленетін төлемдердің уақытылы толық түсуін қамтамасыз ете отырып, олардың ауылдың қажетті салаларын дамытуға бағытталады. Ауыл тұрғындарын жұмылдырып, елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөліп, сондай-ақ, еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді ұйымдастыру арқылы жастардың бойына ұлтымыздың ізгі қасиеттерін сіңіру керек деп санайды. Егер, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округке әкім болып сайланса, ауылдық округін толықтай абаттандыру, жарықтандыру, жасыл желектендіру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстардың тұрақты жүргізілуіне назар аудару күнделікті міндетіне айналмақ.

Абай ҮМБЕТҚАЛИЕВ,
кандидаттың сенімді өкілі.
Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді.

САЙЛАУ-2025

МАҚСАТЫ АЙҚЫН, АРМАНЫ БИІК

Бала қиялы алға жетелейді, биіктерге самғайды. Армандай білу де жақсы қасиет. Алдыңа қойған мақсат жолында іздену, сенімнен шығу үшін аянбау кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Жігері мықты, мақсаты айқын, арманы биік, елін шын сүйген ерлер ғана биіктерді бағындырады. Адамды арман ешқашан алдамайды.

Сағызда көрші бала болды, үнемі сөмкесіне қағаздарды әдемілеп сала береді, сала береді. «Осының бәрі ақша, мен өскенде бай боламын» – дейтін. Сол бала қазір зіңгіттей жігіт, үлкен кәсіпкер болыпты.

Әділбек те көз алдымызда өсті, оқыды. Шығарма жазғанда «Ауылға әкім боламын, елге қызмет етемін!», - деп бастайтын.

2019 жылы ауылға әкім болды. «Әкім бала» атанды, аудан көлемінде жас әкім бола тұра бел шешіп, қызмет етті. Жергілікті халықты мазалайтын, алаңдататын мәселелермен бетпе-бет келіп, ашық сөйлейті. Ардагерлер, қоғамдық кеңес мүшелерімен тығыз қарым-қатынаста болды, ақыл-кеңестеріне құлақ асты. Жастарды қоғамдық істерге тартты, кәсіпкерлермен тіл табысты, ортақ істерге жұмылдырды. Аз қамтылған отбасыларына көмек ұйымдастырып, мүгедек жандарға көмек қолын созды. Ауылды абаттандыру жолында, көшелерді жарықтандыру, көшелерді асфальттау, балаларға ойын алаңдарын салу, бұқаралық спортты дамыту істеріне мұрындық болды.

Әділбек Жансерікұлы 2022 жылы Ойыл ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің бас маман қызметіне жоғарылады. Осы уақытқа дейін осы мемлекеттік мекеменің бас инспекторы, терроризмге қарсы комиссия хатшысы қызметін абыроймен атқарып келді. Өз ісіне адал, еңбекқор жас өз ауылына әкім болуға бел буыпты. Құптарлық іс, өзі бұрын да жұмыс атқарған, өзіне таныс орта. Туған ауылы. Таныс іс, атқарылмай қалған істер күтіп тұр. Атасы Тасболат қарт үнемі «Шын аясаң, аяма!» - деп отыратын. Ауылға еңбек етуге бел буған Әділбекті «аямаймыз», «қамшылайтын» боламыз. Сайлауалды бағдарламасына қоса, жаңа ауылдың ауқымды шараларын тапсырамыз. Халық сенімінен шығу жолында көп тер төгуге тура келеді. Өзі бел шешіп, мақсаттарын орындауға көмектесетін боламыз. Болар баланың белін буған жөн. Талаптанған тас жарады, келелі істер күтіп тұр. Ата-әжесі, ата-анасы өзі дүниеге келген ауылды көркейту жолында Әділбекке ақ жол тілейміз. Жастық жігерін, алған білімін, әр жерден үйренген үлгі-өнегесін ауылды өркендетуге жұмсауына тілектестігімді білдіремін.

Шәкәрім Құдайбергенұлы:

«Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл», - депті.

Ауылдастар Әділбек Жансерікұлы Ізбасовқа дауыс берейік!

Саламат Қомытұлы ШАҢҒАЛА,
үміткердің сенімді өкілі.
Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

САЙЛАУ-2025

АЛМАТТЫҢ МАҚСАТЫ – АУЫЛДЫҢ БОЛАШАҒЫ!

«ӘРКІМНІҢ ТУҒАН ЖЕРІ – МЫСЫР ШАҢАРЫ» ДЕГЕНДЕЙ, АЙБОЛАТ ҮШІН ДЕ ТУЫП-ӨСКЕН ӨҢІРІНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК. СОНДЫҚТАН ДА, ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА ӨЗІНІҢ КАНДИДАТУРАСЫН ҰСЫНЫП ОТЫР.

Ат жалын тартып мінгеннен, ауылының ертеңі үшін қал-қадірінше атсалысқан азамат. Сондықтан да, уақытында замандастары сияқты жан-жаққа алаңдамай, ауылының болашағы үшін аянбай еңбек еткен жігіт. «Жігіттің де жігіті бар, азаматы бір басқа» - дегендей, жасынан ауылдың шаруасына қанық жігіт іскерлігімен көзге түсті.

Алмат Наурызбаев 1993 жылдың 10 қазан күні Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келді. 2000-2011 жылдары Сапаккөл орта мектебін аяқтап, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне түсіп, 2014 жылы «Көлікті пайдалану, жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығын алып шықты. Сонымен қатар, 2011 жылы аталған университетте оқып жүріп, М.Оспанов атындағы медицина университетінің жанындағы әскери кафедрада 2 жыл 6 ай оқып, запастағы лейтенант шенін алып, 2013 жылы бітірді.

27.05.2016 жылы «Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман болып жұмысын бастап, 2021 жылы 9 наурыз күні ішкі конкурспен бас маман лауазымына ауысып, қазіргі уақытта аталған лауазымда жұмыс атқаруда.

«Мен Ойыл ауданының Сарбие ауылында туып-өстім. Туған өлкемнің тарихын да, халқымның басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Жұмысқа араласқаннан бері осы ауылымды дамыту жолындағы сан алуан жұмыстарға, әсіресе, халықты толғандырып жүрген мәселелер саласын дамытуға белсене араласып келемін. Ойыл ауданының қай ауылында да шешімін күткен мәселелер жетіп-артылады. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен әкімге айтып жатады. Өйткені, бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін» - деген Алматты біз қолдауға тиіспіз!

Сіздердің қолдауларыңызға ие болса, ауылдық округ тұрғындарының талап тілектерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы саласында "Ауыл аманаты" жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстап, кәсіпкерлікті дамыту, сүт, көкөніс өнімдерін өңдейтін цехтар ашуға арқылы еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, ауданда жұмыссыздық деңгейін мейлінше азайтуға атсалыспақ. Елді мекендерді газбен қамту мәселелерінің шешілуіне ықпал етіп, ауылдық округтің елді мекендері мен көшелерін абаттандыру, жарықтандыру, автомобиль жолдарын жөндеу мәселелерін шешу бойынша да өз жоспары бар. Себебі, біз өз дауысымыз арқылы ертеңгі күнге жол қалап, бағытымызды айқындауға септігімізді тигізбекпіз. Ал мұндай тағдыршешті сәтте ортақ істен шет қалу азаматтығымызға сын деп білемін. Өйткені, бүгінгі біздің кішкентай қадамымыз болашақтағы үлкен жетістіктердің бастауы болмақ. ҚР Президенті жастарды өз туған жеріне қызмет етуге шақырған болатын. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын!» - деген қанатты сөз бар. Сондықтан, елі үшін қызмет етемін деген Алматты бірауыздан қолдап, дауыс берейік.

Әділет НҰРАХАНОВ,
кандидаттың сенімді өкілі.
Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

МАМАНДАРДЫ ҚОЛДАУ — МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕРЕЙІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖҰМЫСЫ ТИІМДІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ БОЛАТЫНЫН ЖӘНЕ ОЛ МЕМЛЕКЕТТІК ТҰТЫНУШЫ РЕТІНДЕ ХАЛЫҚҚА ТІКЕЛЕЙ БАҒДАРЛАНУЫ ТИІСТІЛІГІН АЙҚЫНДАП БЕРДІ. ОСЫ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2013 ЖЫЛДЫҢ 15 СӘУІРДЕГІ «МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ» №88-V ЗАҢЫ ҚАБЫЛДАНДЫ.

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидаларын бекіту туралы» №72 бұйрығына сәйкес, «Дипломмен ауылға» бағдарламасын Ойыл ауданында іске асыру бойынша жұмысшы органы.

Бағдарлама бойынша денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен,ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік несие беріледі. Бағдарламаның мақсаты жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандарды елді мекендерге жұмысқа орналастырып, ауылдық елді мекендердегі мекемелерді мамандармен қамту және сол мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшері:

1) көтерме жәрдемақы жүз еселенген айлық есептік көрсеткішке тең сомада;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бюджеттік кредит:

ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі мың бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада;

ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын сомада айқындалған.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіш 3932 теңгені құрайды.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) көмегімен немесе бір реттік парольмен куәландырылған Порталда тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге Портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

I) көтерме жәрдемақы алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

Кредиттік бюродан есеп;

3) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

Кредиттік бюродан есеп.

Осы Қағидаларда көзделмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде өтінішке көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ немесе бір реттік парольмен куәландырылған көрсетілген құжаттардың (тиісті ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды қоспағанда) электрондық (сканерленген) көшірмелері қоса тіркеледі.

Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші Порталда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған немесе бір реттік парольмен куәландырылған мынадай құжаттарды:

1) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беру кезінде:

сатып алынатын жылжымайтын мүлікті бағалау актісін;

сатып алынатын тұрғын үйдің құны берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асқан кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісімді;

2) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру кезінде:

кепіл мүлкін бағалау актісін;

кепіл мүлкін сақтандыру шартын;

тұрғын үй салу кезіндегі шығыстар берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асып кеткен кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісімді;

3) көтерме жәрдемақы беру кезінде:

жеке есеп шот туралы анықтаманы ұсыну қажеттігі туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

ЖАҢАДАН ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР:

1.Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарынан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып алуға пайдаланылмайды.

2. Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен 2023 жылғы 1 сәуірден бастап "Дипломмен ауылға!" бағдарламасының қаржы агенті болып Отбасы банк (Бәйтерек холдингінің еншілес ұйымы) тағайындалды.

"Дипломмен ауылға!" бағдарламасына жаңадан қатысатын тұлғалардан өтінімдер otbasybank.kz жылжымайтын мүлік порталында онлайн режимде қабылданады. Жаңа өтінімдерді қабылдау күні туралы банк қосымша хабарлайды.

Ол үшін порталда тіркелу, қажетті құжаттарды жүктеу және ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қою қажет.

Бұл өтінімді otbasybank.kz жылжымайтын мүлік порталында жергілікті әкімдіктердің қызметкерлері қарайды, салынған құжаттардың дұрыстығын тексереді және шешім қабылдайды. Әкімдік оң шешім қабылдаған жағдайда кредит беру процесі басталады. Бұл жағдайда Отбасы банк қарыз және кепіл шартын қалыптастыруға көмектеседі, оларға блокчейн технологиясының көмегімен тараптар арасында қол қояды, әкімдіктен ақша алады және кредит береді.

Бүкіл процесс қашықтан жүзеге асырылады. Отбасы банк қарыздар беру жөнінде шешім қабылдамайды, төлем қабілеттілігін бағалауды жүргізбейді, кепілді бағаламайды және кредит беру үшін қаражат бөлмейді. Осы процестердің барлығына жергілікті әкімдік жауап береді.

3.Ауданның жергілікті атқарушы органы алдағы кезеңге денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне сұранысқа ие мамандықтардың тізбесін қалыптастырады.

Тізбеде алдағы кезеңде көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін қызметті алушылардың және/немесе олардың мамандықтарының атауы мен саны көрсетіледі. Осы тізбеге енген мамандарға әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін болады.

ҚОЛДАУ ТАПҚАННАН КЕЙІНГІ МІНДЕТ:

Көрсетілетін қызметті алушының кредит бойынша міндеттемелерді орындауы:

1) өзі сатып алған тұрғын үйді кепілге қоюмен;

2) салынған тұрғын үйді кейіннен кепілге қоюмен өзге жылжымайтын өтімді мүлікпен қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік қолдау алған маман тиісті ауылдық елді мекенде орналасқан ұйымында міндетті түрде 3 жыл тұрақты жұмыс істеуі қажет. Сатып алынған тұрғын үй 15 жыл бойы Ойыл ауданы әкімдігінде кепілде тұрады. Мамандардың 3 жыл мерзім өткеннен кейін, бюджеттік кредиттің қалған бөлігін толық жауып, тұрғын үйді кепілден шығаруға құқығы бар.

Сонымен қатар, мамандарға оқу орынын бітіріп, жұмысқа орналасқаннан кейін, мүмкіндігіне қарай сол жылы көп кешіктірмей әлеуметтік қолдау шараларын алуға өтініш беруін сұраймыз. Құжаттары стандарт талаптарына сәйкес болса, өтініш қанағаттандырып, тиісті қаржы төленетін болады. Бюджет қаражаты жетіспей қалған жағдайда, есепке алынып, кезекке қойылып (2жылға дейін), бюджет қаражатының бөлінуіне қарай, әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ:

бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ (осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау кезінде), сондай-ақ соңғы 2 (екі) жылда күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімін өткізу болмаған;

өтініш беру кезінде сұранысқа ие мамандықтар тізбесіне сәйкес мамандықтар бойынша;

өтініш берген күнінен бастап соңғы екі жылда келген маман жұмыс істейтін елді мекен қарайтын ауданда (облыстық маңызы бар қалада) маманның, оның жұбайының және балаларының тұрғын үйі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға ұсынылады.

Әлеуметтік қолдау шараларын алған мамандардан әрбір іске ұқыпты және жауапкершілікпен қарауларыңызды сұраймыз. Осынша қаржыны қолға алған маманға артылатын міндет – ауылдың өркендеуіне үлес қосу және сапалы қызмет жасау. Көрсетілген көмектерге қол жеткізген маман бағдарламаның шарты бойынша ауылдық жерде 3 жыл қызмет етуге және әр тоқсан сайын жұмыс орнынан тиісті орындарға анықтама өткізіп тұруға міндетті. Сатып алынған үйдің 15 жыл бойы кепілде тұратынын да естен шығармау қажет. Егер көрсетілген ережелер маман тарапынан бұзылса, ол барлық шығынды өтеуі тиіс.

Өкінішке орай, көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит алып, келісім шарт талаптарын бұзып, жұмыстан шығып, ауылдан көшіп кетіп жатқан мамандар да бар. Әлі күнге дейін сот бұйрығымен мемлекеттің ақшасын кейін қайтарып жатқан мамандар да баршылық.

Сондықтан, мамандардан мемлекеттен көтерме жәрдемақы мен бюджеттік кредитке өтініш беруге жауапкершілікпен қарауды сұраймыз.

2024 жылға 60 маманға жалпы соммасы 22152,0 мың теңге көтерме жәрдемақы беру жоспарланған. 2024 жылдың 19 желтоқсанына 60 маманға 22152,0 мың теңге көтерме жәрдемақы берілді,оның ішінде, білім 41 маман (15137,2 мың), 6 маман денсаулық (2215,2 мың), мәдениет 3 маман (1107,6 мың), 4 маман агроөнеркәсіптік кешен (1476,8 мың), 3 маман спорт (1107,6 мың) саласының және 3 маман (1107,6 мың) ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері мамандары.

2024 жылдың 2 желтоқсанына 9 маманға 70074,0 мың теңгеге тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит берілді,оның ішінде, білім 5 маман (35178,0 мың), мәдениет 1 маман (9060,0 мың), 3 маман денсаулық (25836,0 мың) мамандары. 2025 жылға жергілікті бюджеттен 60 маманға көтерме жәрдемақы беру үшін 23592,0 мың теңге және республикалық бюджеттен 7 маманға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін жалпы соммасы 62912,0 мың теңге бюджеттік кредит беру жоспарланған. Мамандарға көтерме жәрдемақы беру ағымдағы жылдың ақпан айынан, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру сәуір айынан жоспарланған.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы:

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Орналасқан жері:

Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат,тел. 8(713)32 2-11-54

Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері:

Ақпараттандыру объектілері арқылы – otbasybank.kz/programm-bank Баспана Маркет жылжымайтын мүлік порталы.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:

Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 12.30-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 78
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

Ақтөбе облысы әкімдігінің тапсырмасы бойынша Ойыл қазақ орта мектебінде аудан прокуратурасының прокуроры С. Мендібаев, аудандық ПБ-нің ЖПҚБ КТІЖ аға инспекторы, полиция майоры Т. Құбышев, аудандық ауруханаының психологы А.Длимова және Ойыл ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің азаматтық қорғау лейтенанты Д. Тұрғамбековтердің қатысуымен жоғары сынып оқушыларына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті Қазақстан: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП" атты Қазақстан халқына жолдауы тақырыбында жастар арасында есірткі заттар пайдалану, интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттері, қоғамдағы негізгі құндылықтар, құқықбұзушылықтың себеп салдары, жасөспірімдер арасындағы суицид, сонымен қатар қыс мезгілінде су, мұз айдындарында сақтық шараларын сақтап, ата-ананың қатысуымен ғана бару, отпен ойнау қателіктерін ескеру тақырыбында кездесу өткізіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыруды көздеген кездесуде қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға және құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеуге шақырды. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, мамандардан тиісті жауап берілді.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Өткен аптада аудандық мониторинг топ өкілдері Ойыл ауданы орталығындағы мекемелерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін заң талаптарына сәйкес қолданылуы және насихатталуы бойынша мониторинг жүргізді. Мониторинг барысында білім бөлімі, оқушылар үйі, балабақша, мемлекеттік кірістер басқармасы және Ойыл ауылдық округі сынды өзге де мекемелерге барып Рәміздерді пайдаланудың заңға сәйкестігі тексеріліп, ақпараттық-әдістемелік жұмыстар жүргізілді.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

ӨТКЕН АПТАДА АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА 2006 ЖЫЛҒЫ ТУҒАН ҰЛДАР МЕН ҚЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫНА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН АУДАННЫҢ ЖАСТАР ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ ҚАТЫНАСТЫ.

Үстел теннисінен өткен облыс чемпионатында ауданның жастар құрама командасы Ә.Бірімғалиев, М.Смағұлов, Е.Зинелов командалық есепте жеңімпаз атанды. Жекелей біріншілікте Әділет Бірімғалиев жеңімпаз атанса, Ойыл ауданының командасы құрамында Ә.Бірімғалиев, М.Смағұлов, Е.Зинеловтер жұптық ойында да жүлделі екінші орынға ие болды. Жас теннисшілердің жаттықтырушылары Қанат Асылхановты және жас спортшыларды жеңістерімен құттықтаймыз! Спортшыларымызға алдағы уақытта алар асуларыңыз көп болсын деп тілейміз!

Құттықтау

ОЙЫЛ СЕЛОСЫ,
ЕРКІНОВ КӨШЕСІ №3 ҮЙ ТҰРҒЫНЫ
АНДРЕЙ ХАМИТҰЛЫ СИСЕНҒАЛИЕВТЫ

63 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!
Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын!

Өзіңнің бала кезіңнен армандаған әке жолын қуып, ауыл шаруашылық саласының мал дәрігері мамандығын абыроймен игеріп сол салада табанды еңбек етіп зейнеткерлікке жеттіңіз. Ауыл шаруашылық саласында еткен еңбегіңізбен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай, немере-шөберенің ортасында аяулы ата деген атақты иеленіп, Мауыт екеуің бар қызықты көре беріңіздер. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы бар, Сіз өнегелі өмір сүріп келесіз, ұл қыздарыңыздың қызығымен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап жүре беруіңізге бала кезден бірге келе жатқан жолдастарың әр қашанда тілектеспіз!

Игі тілекпен, жолдастарың Үміт, Ажар, Люба, Манар, Қонақбай-Ақмарал, Абзал-Назира, Серік-Шолпан, Асқар-Тұрсын, Асқар-Айгүл, Алтынбек-Гүлжанат, Серікқали-Алма, Бөкенбай-Айжан.

ҚҰТЫРМА - ҚАУІПТІ АУРУ

ҚҰТЫРМА - МАЛ МЕН АДАМНЫҢ ОРТАЛЫҚ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫМЕН СИПАТТАЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ ВИРУСТЫҚ АУРУ. АТАЛҒАН АУРУҒА ҮЙ ЖӘНЕ ЖАБАЙЫ ЖӘНЕ СҮТ ҚОРЕКТІЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ БЕЙІМ. ҚҰТЫРМА АДАМДАР МЕН ХАЙУАНДАРДА КЕЗДЕСЕТІН ОРТАҚ, ӨТЕ ЖҰҚПАЛЫ, АСА ҚАУІПТІ АУРУ.



Табиғатта құтыру ауруы адамның араласуынсыз қасқыр, қарсақ, түлкі, т.б жыртқыш сүтқоректілердің арасында өрбісе, елді мекендерде ит және мысықтардың ауруды таратудағы маңызы зор. Жабайы түлкі, қарсақтардың көбеюіне байланысты құтырма ауруының таралуы да елді мекендерде малдардың арасында көрініс беруде. Сондықтан аурудың алдын-алу үшін, әсіресе мал ауылдағы әрбір ит иесі ветеринариялық мамандар барғанда мамандармен бірге иттерді құтырма ауруының вакциналарымен ектіріп тұруға міндетті. Жылына бір рет құтырмаға қарсы дәрі егіліп, денсаулығы тексерілуі шарт. Құтырманың алдын-алу үшін жергілікті әкімшілік ит-мысықтарды қатаң есепке алып, иесіз ит-мысықтарды жойып отыру керек. Үй иттерін асырау тәртібін сақтау, тұмылдырық кигізу, байлауда ұстау керек. Өзіне тән емес қылықтар көрсеткен жануарлар пайда болса, жергілікті ветеринар мамандарға хабарлау керек. Мал дәрігері хабардар болғаннан кейін, ауырған жануарды, иттің иелері өз беттерінше жойып жібермей, бақылауда оқшаулап ұстауға нұсқау береді. Бақылау мерзімі біткенше, оның нәтижесіне байланысты шара қолданылады. Ауру - өте қауіпті болғандықтан ит тістеп жарақат алған адам абзалы дәрігерге барып қаралу керек. Дәрігер жарақатты таңып, қажетті дәрменді егеді. Содан соң емханаға тіркеуге алынасыз. Құтырмаға қарсы екпе курсы тағайындалады. Бірінші дәрі ит қапқан күні, одан соң үш күн өткеннен кейін егіледі. Сосын үшіншісі бір апта уақыттан соң салынады. Сол аралықта сізді қапқан итті мамандар тексеріп, құтырған-құтырмағанын анықтайды. Егерде ондай аурудың нышаны байқалмаса, дәрі егу тоқтатылады.

Ал егер ит ауру болса, 3 ай бойына дәрігердің қарауында боласыз. Құтырма ауру иттердің сілекейі арқылы тарайды. Құтырма ірі қара малында елірме және сал (паралич) түрінде өтеді. Ауру мал бастапқы кезінде еліріп, алға ұмтылады, кез-келген нәрсені қорадағы қоршауларды сүзеді, маңайына жолағандарға тап береді, әлсін-әлсін басын шалқайтып бар даусымен қатты өкіреді. Аузынан сілекейі шұбырып, ауру мал терлейді. Сыйырдан сүт шықпай қалады, кейде аурудың алғашқы сатысында-ақ жем шөптен бас тартып, су ішпей қояды. Мал көбінесе қатты күйзеліп, тырысып-бүрісіп қалады. Ақырында әбден әлсіреп жатып қалады, айналасында не болып жатқанынын сезбейді, аяқтарын делбеңдетіп жер соғады. Арандай ашылған аузынан тілі салақтап шығып, сілекейі шұбырады. Аурудың бұл сатысы әдетте 2 (екі) күнге созылады, ауырған малдың алдымен артқы, кейін алдыңғы аяқтары сал болып қалады да, мал есізденіп өліммен аяқталды.

Ермек МЕКЕЕВ,
ҚР АШМ ВБжҚК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының инспекторы.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛІГІНЕ КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Ойыл ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Ойыл ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамына конкурстық іріктеуден өтуге ниет білдіруші коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және азаматтардың арасында конкурстық іріктеу өткізілетіндігі туралы хабарлайды. Мемлекеттік органның атауы: «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ:

Пошталық мекен-жайы: 030900, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, 43, І-қабат

Электронды пошта: maslihat.uil@mail.ru

Анықтамалар үшін телефондар: 2-13-70 және 2-11-78

Құжаттарды тапсыру мерзімі: 2025 жылғы «22» қаңтардан «5» ақпан аралығында

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар:

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, Ойыл ауданының шегінде тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат:

1) сотталғандығы болмауы;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және
(немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танымаған болуға;

3) психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмауға тиіс.

2. Конкурсқа қатысу үшін:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер ұсынылады. «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9- бабының 4-тармағына сәйкес, коммерциялық емес ұйым болып табылатын бір заңды тұлғадан Қоғамдық кеңеске бір ғана өкіл сайлана алады, Коммерциялық емес ұйымдардан және азаматтардан ұсыныстар жазбаша түрде мына мекен-жай бойынша қабылданады: Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, 43, І-қабат, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін, белгіленген мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде мерзімде жазбаша және электронды түрде. Конкурстық іріктеу өткізу үшін кандидатураларды ұсыну барысында, Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат, оның «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуге өзінің келісімін береді. Өтініштердің нысандарымен аудандық мәслихаттың сайтында келесідей электронды сілтеме бойынша танысуға болады: https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-uil?lang=kk

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА В ЧЛЕНЫ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА УИЛСКОГО РАЙОНА

Рабочая группа по формированию Общественного совета Уилского района сообщает о проведении конкурса среди представителей некоммерческих организаций и граждан, желающих пройти конкурсный отбор в состав Общественного совета Уилского района.

Наименование: ГУ «Аппарат Уилского районного маслихата» Почтовый адрес: 030900, Актюбинская область, Уилский район, село Уил, улица Курмангазина, 43, І-этаж Адрес электронной почты: maslihat.uil@mail.ru

Телефон для справок: 2-13-70 и 2-11-78 Срок подачи документов: с «22» января по «5» февраля 2025 года.

1. Кандидатом в члены Общественного совета может быть гражданин Республики Казахстан, достигший восемнадцати лет, проживающий в пределах Уилского района.

Кандидат в члены Общественного совета не должен:

1) иметь судимость;

2) быть в установленном законом порядке признанным судом виновным в совершении коррупционного преступления и (или) коррупционного правонарушения;

3) состоять на учете в организациях здравоохранения по поводу
психического заболевания, алкоголизма, наркомании или токсикомании.

2. Для участия в конкурсе представляются:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных. В соответствии с пунктом 4 статьи 9 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах», от одного юридического лица, являющегося некоммерческой организацией, в Общественный совет может быть избран только один представитель.

Документы предоставляются некоммерческими организациями и гражданами в письменном виде по адресу:
030900, Актюбинская область, Уилский район, село Уил, улица Курмангазина, 43, І-этаж, с 09.00 до 18.00 часов, перерыв с 12.30 до 14.00 часов, в установленные сроки на государственном и/или русском языках, в бумажном и электронном виде.

При предоставлении необходимых документов для конкурсного отбора, кандидат в члены Общественного совета дает свое согласие на проведение в отношении его проверки на соответствие требованиям статьи 10 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах».

С формами заявлений можно ознакомится на сайте районного маслихата по следующей электронной ссылке:

https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-uil?lang=kk

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ А. МҰБАРАКОВТЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты- жөні	Қызметі	Жеке және Заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізетін уақыты мен күні	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Мубараков Абат Қаратауұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 10:00-12:00	Ойыл ауданы Көкжар көшесі №69 216 бөлме	Сенім телефоны: 8/71332/21746

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2-15-51 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс-пікір,арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

«Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, дене шынықтыру сауықтыру кешені және бастауыш кәсіподақ ұйымы кіші қызметкер Ысымғалиева Жанарға жолдасы

Нұрланның

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.